



ТЕНІЗШЕВРОЙЛ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚАМТУДЫ ДАМУ



MACCHI
ITALY



МАЗМҰНЫ

ТШО ТУРАЛЫ

БІЗДІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

ТШО ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ

ТШО КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚАМТУДЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

- «Қазақстандық қамту» дегеніміз не?
- Тауарлардағы Қазақстандық қамтуды қалай растауға болады?

ТШО-мен ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ

- ТШО-ның жеткізушісі болудың жолы қандай?
- Жеткізушілерді дамыту
- Қазақстандық жеткізушілер үшін ТШО ұйымдастырған іс-шаралар

КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ – ҰҢҒЫ ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ
ЖОБАСЫ (ККЖ-ҮЕҚБЖ)

ТШО ТУРАЛЫ

Прогресті жігерлендіру тарихы

Батыс Қазақстанда орналасқан Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылған. 1993 жылдың сәуірінде алғашқы серіктес-құрылтайшылар – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясының арасында жасалған келісімшарт нәтижесінде «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) құрылды.

Қазіргі уақытта ТШО-ның серіктестері:

«Шеврон»

50%

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

20%

«ЭксонМобил Қазақстан»

25%

«Лукойл»

5%

Мұнай кен орны жайлы

Теңіз кеніші коллекторының жалпақтығы 20 км (12 миль), ал ұзындығы – 21 км (13 миль) құрайды. Теңіз және Королев кен орындарының өндірілетін қорлары 1,4 млрд тонна (11,5 млрд баррель) мұнайды құрайды. Теңіз кен орнының коллекторындағы болжамды қорлары 3,1 млрд тонна (25 млрд баррель) құрайды.

Теңіз кен орны – әлемдегі ең терең үлкен мұнай кен орындарының бірі, мұнайлы коллектордың жоғарғы қабаты шамамен 4 000 м (13 000 фут) тереңдікте орналасқан.

БІЗДІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Қазақстандағы экономикалық прогресті жігерлендіру

Қазақстан Республикасына жасалған тікелей қаржылық төлемдер сомасы

13,9

млрд АҚШ долларын құрады.

2023 жылы ТШО қазақстандық жеткізушілерден

4

млрд АҚШ доллары сомасына тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

1993 жылдан бері ТШО қазақстандық жеткізушілерден

47,6

млрд АҚШ доллардан асатын сомаға тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

Халыққа инвестиция құю

Негізгі өндірістегі қазақстандық қызметкерлердің үлесі

94,8%

құрайды, 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болған.

Негізгі өндірістегі қазақстандық жоғары және орта буын басшыларының үлесі

87,1%

құрайды.

Экологиялық көрсеткіштерді басқару

ТШО-да газды кәдеге жарату

99,5%

Жалпы суды қайта пайдалану көрсеткіші

45%

Қалдықтарды қайта өңдеу/ қайта пайдалану

43%

Біз жұмыс істеп жатқан қоғамның әл-ауқатын жақсарту

Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының 2023 жылғы бюджеті

25

миллион АҚШ долларын құрады.

2023 жылы Атырау облысы мен Жылыой ауданына

2,6

миллион АҚШ долларынан

астам қаржы көлемінде демеушілік көмек көрсетілді.

2023 жылы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде 21 жобаға

2,5

миллион АҚШ долларынан

астам қаржы бөлінді.

ТШО ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ ТОБЫ

Біз ТШО-ның қауіпсіздік, сапа және бағаға қатысты стандарттарына сәйкес Қазақстандық қамтуды дамыту мүмкіндіктерін іздестірумен және құрумен айналысамыз.

Біз мүдделі тараптармен өзара тиімді серіктестікті дамытамыз.

Біз Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс күшін ұлттандыру және өндірісті тұрақтандыру мәселелері бойынша ірі халықаралық жеткізушілермен және ірі жергілікті компаниялармен жұмыс істеп жатырмыз.





TURLAN

TCO



W
WENGER
MADE IN GERMANY

ТШО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ СТРАТЕГИЯСЫ

ТШО үшін қазақстандық қамтуды (ҚК) дамыту бұл жергілікті экономиканың өсуіне әкелетін және әлемдік деңгейдегі жұмыстарды, тауарларды және қызметтерді бәсекеге қабілетті бағамен алу арқылы ТШО-ға өндіріс қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін жүйелі және ұзақ мерзімді қызмет.

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясының негізгі аспектісі қазіргі және ықтимал жеткізушілердің мұнай-газ саласында бизнес жүргізуге қажет халықаралық сапа мен қауіпсіздік стандарттарын түсінуіне көмектесу мақсатында жұмыс істеу болып табылады. ТШО жоғары қауіпсіздік мәдениеті, сенімді жұмыс процестері, сапалы тауарлар мен қызметтер, бәсекеге қабілетті баға белгілеу, шығындарды басқарудың мығым дағдылары, инновациялық бизнес шешімдері және тұтынушыға бағытталған және жергілікті қамтуды дамытуға бағдар ұстанған жеткізушілермен серктестік құруға ұмтылады.

«Қазақстандық қамту» дегеніміз не?

Қазақстандық қамту дегеніміз бұл «Қазақстанда жасалған» жұмыстар, тауарлар немесе қызметтер. Жобаға өз өнімдері мен жабдықтарында отандық шикізаттың үлесі жоғары қазақстандық компаниялар шақыру импортты алмастыру болып табылады. Сонымен қатар, қазақстандық қамтуға белгілі бір жобаны жүзеге асыруға тартылған қазақстандық қызметкерлер де кіреді.

ТШО үшін жергілікті кәсіпорындармен берік іскерлік қарым-қатынастарды дамыту және қолдау өте маңызды. Соңғы жылдары компанияда қазақстандық қамту тұрақты түрде өсіп келеді. ТШО қазақстандық қамтудың барынша жоғары үлесіне қол жеткізу мақсатында өз жобаларына жергілікті өндірушілерді тартуды әрқарай жалғастыруда.

Тауарлардағы Қазақстандық қамтуды қалай растауға болады?

Отандық тауар өндіруші болу үшін кәсіпорынның «СТ-KZ» сертификаты болуы керек. Бұл құжат тауардың шыққан елі Қазақстан Республикасы екенін куәландырады. Тауардың шығу тегі туралы «СТ-KZ» сертификаты 2009 жылы ендірілді. Қазақстанда ол импорт операциялары үшін қолданылады. Сертификаттар 17 облыстағы, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардағы өңірлік кәсіпкерлер палаталарында рәсімделеді. «СТ-KZ» сертификатын алу үшін ішкі айналымдағы тауардың шығу тегі туралы сараптамадан өту қажет. Сараптама келісім-шарт негізінде өткізіледі. Өтініш беруші сараптама ұйымын өзі таңдай алады.





ТШО-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Теңіз кеніші технологиялық тұрғыдан алғанда әлемдегі ең күрделі кеніштердің бірі, тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін біз өзімізге де, бизнес серіктестерімізге де жоғары талаптар қоямыз. Біздің жұмысымыз бүкіл Қазақстан бойынша ондаған мың адамдардың өміріне, сондай-ақ қауіпсіз және қолжетімді қуатқа үміт артатын дүние жүзіндегі тұтынушыларымыздың өміріне әсер етеді.

Жеткізушілерге қойылатын талаптар:

- Қауіпсіздік және экологиялық стандарттар
- Қаржылық тұрақтылық
- Тұтынушыға бағдар ұстанушылық
- Сапа және басқару жүйелерінің халықаралық стандарттары
- Ірі жобалардағы сенімді жұмыс тәжірибесі
- Бәсекеге қабілетті бағамен сапалы тауарлар мен қызметтер

Қалай ТШО жеткізушісі болуға болады?

Егер жеткізуші осы талаптарға сәйкес келетініне сенімді болса, ол SEOI порталында тіркелуі керек (www.seoi.tengizchevroil.com). Бұл «Теңізшевройлдың» ықтимал серіктестерінің деректер базасы, бұл ТШО-ға болашақта қажет болған жағдайда тауарлар мен қызметтердің ықтимал жеткізушілерін таңдауға мүмкіндік береді. ТШО қызығышылық білдірген барлық тұлғаларды ағымдағы және болашақ мүмкіндіктер туралы ақпарат алу үшін SEOI порталына тіркелуге шақырады. Сондай-ақ сіз төмендегі электрондық пошталар арқылы бізбен байланыса аласыз kcdsearch@tengizchevroil.com



SEOI порталында тіркелуі (www.seoi.tengizchevroil.com)

ТШО-ның жылдық келісім-шарттар мен сатып алу жоспары туралы ақпаратты компанияның ресми сайтында www.tengizchevroil.com табуға болады.



Жеткізушілерді дамыту

Ықтимал серіктестерді бағалау кезінде компания жеткізушілердің қазақстандық қамту аспектісіне ерекше назар аударады. Әрбір тендерде ұсынылатын материалдардағы қазақстандық қамтудың/үлесінің көлемін реттейтін шарттар болады. Егер сіз әлі ТШО-ның барлық талаптарына сай емеспін деп ойласаңыз, қолжетімді жеткізушілерді дамытудың бағдарламаларына назар аударыңыз.

1. ТШО өзі басқаратын жеткізушілерді таңдау және дамытудың ішкі бағдарламасы. Бағдарлама келе жатырған сатып алуларды талдауды және ТШО техникалық сарапшыларымен бірге ықтимал жеткізушілерді іздеуді қамтиды. Талдау нәтижесінде «мақсатты тауарлар мен қызметтердің» тізімі құрастырылып, оларға қатысты жеткізушілер қарастырылып, біліктілігі тексеріліп, оларға сынама тапсырыстар беріледі.
2. Халықаралық мұнай және газ саласының машинасын жасауды дамыту (IMBC) бағдарламасы.

Жеткізушілерді дамыту процесі:

1. Жоспарлау

- Нарықты зерттеу
- Жеткізушілерді дамыту жоспарын құру

2. Алдын ала бағалау

- Компанияға сапар
- Аладын ала бағалау нәтижелері бойынша есеп
- Жоба бойынша алдын ала бағалау сауалнамасы
- Осы жоба бойынша жеткізушілердің деретер базасына деректер ендіру

3. Сынама тапсырыс

- Өнімді сынау
- Зертханалық талдау
- Жетіспеушіліктерді талдау

4. Қорытынды шешім

- Табысты тәжірибе немесе кеңес мысалы
- Аяқтау/ Бекітілген жеткізушілер тізімі

Жеткізушілерді дамыту бағыттары:

1. Химиялық реагенттер

- Майлайтын материалдар
- Коррозияға және өртке қарсы бояулар

2. АТ / телекоммуникация жабдықтары

- Оптикалық-талшықты кабельдер

3. Электр жабдықтар

- Құрастырмалы қосалқы станциялар
- Төмен вольтты таратқыш шкаф
- Қашықтан кіру терминалы
- Жарылудан қорғалған таратқыш қораптар
- Электр кабельдері
- Жарылудан қорғалған жарық бергіш жабдықтар
- Электр трансформаторлары

4. Техникалық күтім, жөндеу және пайдалану


- Бұрандалы шпилькалар және бұрандамалар
- Оқшаулағыш материалдар
- Сорғылар
- Резервуарлар
- Ыдыстар/жылу алмастырғыштар
- Жіксіз құбырлар
- Құбыр арматурасы
- Кабель жаймалары
- Ернемектер, айналмалы тығындар, фиттингтер
- Ауарна

5. ЕҚ және ҚОҚ

- Қалдықтарды жою және қайта өңдеу
- Қорғауыш аяқ киім мен қолғап

6. Техникалық күтім

- Жоғары және төмен вольтты электр қозғалтқыштарды жөндеу



Қазақстандық жеткізушілер үшін ТШО ұйымдастырған іс-шаралар

ТШО-мен жұмыс істеуде сенімділік пен айқындылықты қалыптастыру үшін ТШО нарықпен диалогқа ашық. Біз салалық іс-шараларға белсене қатысамыз, серіктестік мүмкіндіктерін іздеу мақсатында жергілікті бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен форумдар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткіземіз. Салалық іс-шараларға қатысу немесе өз іс-шараларын ұйымдастыру арқылы ТШО Компанияның тендер өткізу процесін, іскер серіктестерге қойылатын талаптары туралы ақпарат беру және ТШО-ның тауарлар мен қызметтерді сатып алу стратегияларын түсіндіруді мақсат етеді. ТШО еліміздің әртүрлі аймақтарындағы жаңа әлеуетті жеткізушілерді анықтау мақсатында IMBC, «Petrocouncil», «KazService» және «Қазақстан машина жасаушылар одағы» сияқты әртүрлі қауымдастықтармен, сондай-ақ барлық облыстардың басшылығымен ынтымақтастық орнату арқылы бизнес-қауымдастықпен тұрақты түрде жұмыс жасайды.

2022 жылы ТШО мен Tengrinews.kz «Бизнес мектеп: Ірі мұнай-газ саласына қамтушы болудың жолы қандай?» атты арнайы бірлескен жобасын бастады. Осы жоба аясында біз Қазақстандық қамту дегеннің не екенін және «СТ-KZ» сертификатын қалай алуға болатынын, қазақстандық жеткізушілер мұнай-газ компанияларының сатып алуларына қалай қатысуға болатынын, не нәрсеге ерекше назар аудару керектігін және қандай дағдыларды меңгеру керектігі туралы айттық. Сонымен қатар, біз әлеуетті жеткізушілер тендерлерге қатысу кезінде жиі жіберетін басты қателіктер туралы айтып бердік.



ТШО мен Tengrinews.kz «Бизнес мектеп: Ірі мұнай-газ саласына қамтушы болудың жолы қандай?» атты арнайы бірлескен жобасы.



КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ – ҰҢҒЫ ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ (ККЖ-ҰЕҚБЖ)

Көптеген жылдар бойына табысты даму және ТШО-ның тамаша өндірістік көрсеткіштері бізге компанияның болашағына инвестиция салуды жалғастыруға сенімділік берді. 2009 жылы ТШО серіктестері Теңіз кенішіндегі жалпы өндірісті ұлғайту туралы шешім қабылдады. 2010 жылы ТШО ККЖ-ҰЕҚБЖ тұжырымдамасын қарастыруға ұсынды, оны Қазақстан Республикасының үкіметі бекітті.

ККЖ өндірісті жылына шамамен 12 миллион тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттыруға арналған. Жалпы өндіріс көлемі жылына шамамен 39 млн тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды. ҰЕҚБЖ бұрқақты ұңғымалардың ернеуіндегі қысымды төмендету және жұмыс істеп тұрған алты біріктірілген технологиялық желілердің кірісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіздегі жұмыс істейтін зауыттардың өңдеу қуаттарын толықтай жүктеуді қамтамасыз етеді.

ККЖ-ҰЕҚБЖ бұл аймақта білікті жұмыс күші, шетелдік компаниялармен серіктестік арқылы технологиялар трансферті және жаңартылған инфрақұрылым түріндегі мұраны құруға ықпал ететін ұлттық маңызы бар жоба болып табылады.

2013 жылы ТШО Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп, Өзара Түсіністік туралы меморандум әзірлеп, оған қол қойды. Меморандум ҚР үкіметінің күтістерін және ККЖ-ҰЕҚБЖ-дағы ҚҚ-дың ақырғы үлесіне қатысты ТШО-ның ниеттерін қамтиды. Жобаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының экономикасына пайдасын тигізуі үшін, сонымен қатар жұмыспен қамту, оқыту және даму үшін елеулі мүмкіндіктер тудыру мақсатында ТШО Келешек кеңею жобасындағы ықтимал Қазақстандық қамту үлесін есептеп, кем дегенде 32% ҚҚ қол жеткізуге ниет білдірді.

Болжамға сәйкес, жобаның соңына дейін қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 20 миллиардтан жуық АҚШ доллары жұмсалады. Жоба мақсаттарының бірі - қазақстандықтарды барынша көп жұмыспен қамту. Жоба құрылысының шарықтау кезеңінде елде 60 мыңнан астам қазақстандық жұмыс істеді.

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасы аяқталуға жақын болса да, ТШО мүмкіндіктерді іздеуді жалғастыруда және жергілікті қамтуды арттыру мақсатында қазақстандық компанияларды, жеткізушілерді, өндірушілерді, құрылысшылар мен жұмыс күшін барлық жобаларға белсенді түрде тартуда.

www.tengizchevroil.com



www.tengizchevroil.com

Қазақстан Республикасы, 060011
Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі 3